

Ұйымдардың қызметкерлеріне орташа жалақы есептеудің тәртібі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 тамыз N 1251. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1942 қаулысымен

Ұйымдардың қызметкерлеріне орташа жалақы есептеуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ұйымдардың қызметкерлеріне орташа жалақы есептеу үшін зейнетақы тағайындаудан басқа, барлық жағдайда есептеу кезеңі онымен тиісті төлем байланысты болатын оқиғаның алдындағы кейінгі 12 күнтізбелік ай (1-інен 1-і күніне дейін) болып табылады деп белгіленсін.

2. Бес күндік те, алты күндік те жұмыс аптасы кезінде орташа жалақы есептеу тиісті есепті кезең үшін күндік жалақы есебінен осы кезең үшін сақтандыру жарналары есептелетін белгіленген үстемақылар мен қосымша ақылар, сыйлықақылар мен басқа да төлемдер ескеріле отырып жүргізіледі деп а й қ ы н д а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, Ұйымдардың қызметкерлеріне орташа жалақы есептеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекітсін .

4 . М ы н а л а р д ы ң :

"Негізгі жалақыны есептеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 маусымдағы N 397 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 17, 108-құжат);

"Демалысқа ақы төлеу немесе пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін орташа жалақыны есептеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 қаңтардағы N 51 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 1, 9-құжат) ұйымдардың қызметкерлеріне орташа жалақы есептеудің жаңа тәртібі туралы нұсқаулық бекітілген күннен бастап күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК